ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 6 мамыр Іс №7119-24-00-2/4632 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«NURTAU-A» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,
«Ақниет Holding» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі,
«The One» дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

«The One» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«The One» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 5 349 (бес мың үш жүз қырық тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 006 (екі мың алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің «NURTAU-A» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және 71 408 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің «Ақниет Holding» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылсын.

«Ақниет Holding» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінен мемлекет пайдасына 1 014 162 (бір миллион он төрт мың бір жүз алпыс екі) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Егер жауапкерлер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, олар шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 06.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.06.2024, судья Ебенбаева Э. Е., 19.06.2024